

Өнеркәсіптік меншік саласындағы кейбір мәселелер туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 29 тамыздағы № 1350 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 1 қазанда № 17455 болып тіркелді.

2018 жылғы 20 маусымдағы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік саласындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістермен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының № 161 Заңын жүзеге асыру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Патенттік кооперация туралы шартқа және Еуразиялық патенттік конвенцияға сәйкес өнеркәсіптік меншік объектілеріне өтінімдерді қарау қағидасы, осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін;

2) Таңбаларды халықаралық тіркеу туралы Мадрид келісімі және Таңбаларды халықаралық тіркеу туралы Мадрид келісіміне Хаттамаға сәйкес тауар таңбасына өтінімді қарау қағидасы, осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Әділет вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Әділет министрі

М. Бекетаев

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2018 жылғы 29 тамыздағы
№ 1350 бұйрығымен
бекітілген

Патенттік кооперация туралы шартқа және Еуразиялық патенттік конвенцияға сәйкес өнеркәсіптік меншік объектілеріне өтінімдерді қарау қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 20.09.2022 № 793 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Патенттік кооперация туралы шартқа және Еуразиялық патенттік конвенцияға сәйкес өнеркәсіптік меншік объектілеріне өтінімдерді қарау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Патент Заңы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 4-бабының 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленген және Патенттік кооперация туралы шартқа және Еуразиялық патенттік конвенцияға сәйкес өнеркәсіптік меншік объектілеріне өтінімдерді қарау тәртібін анықтайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымы – зияткерлік меншік саласында елдердің халықаралық саясаты мен ынтымақтастығын қамтамасыз ететін және реттейтін халықаралық ұйым (бұдан әрі – "ДЗМҰ");

2) еуразиялық өтінім – 1994 жылғы 9 қыркүйектегі Еуразиялық патент конвенциясына немесе 1994 жылғы 9 қыркүйектегі Еуразиялық патент конвенциясына Өнеркәсіптік үлгілерді қорғау туралы хаттамаға сәйкес берілген өтінім;

3) сараптама ұйымы – "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитетінің Ұлттық санаткерлік меншік институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 11 шелдедегі № 756 қаулысымен бекітілген;

4) халықаралық өтінім – 1970 жылғы 19 маусымдағы Патенттік кооперация туралы шартқа сәйкес берілген өтінім (бұдан әрі – РСТ Шарт).

2-тарау. Халықаралық өтінімдерді қарау тәртібі.

3. Сараптама ұйымы РСТ Шартты, РСТ Шартына нұсқаулықты, РСТ Шартына Әкімшілік нұсқауларын, Заңды басшылыққа ала отырып халықаралық өтінімді алуға, тексеруға және қайта жолдауға (тапсыру) байланысты қабылдаушы ведомствосының функцияларын орындайды.

4. Ұлттық фазада халықаралық өтінімді қарастыру Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2018 жылғы 29 тамыздағы № 1349 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17459 болып тіркелген) бекітілген Өнеркәсіптік меншік объектілері өтінімдеріне сараптама жүргізу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Келіп түскен материалдарда қазақ немесе орыс тілінде өтінім құжаттарының аудармасы болмаған жағдайда, егер олар басқа тілде ұсынылған болса, өтініш берушіге ұлттық сатысына енген мерзімі аяқталған күннен бастап екі ай ішінде берілуі қажеттігі туралы хабарлама беріледі. Аударманы ұсыну мерзімі Заңның 16-бабының 2-тармағына сәйкес ұзартылады, бірақ екі айдан артық болмауы тиіс.

Көрсетілген мерзім ішінде аударма ұсынылмаған жағдайда, өтінім ұлттық кезеңге өтпеген деп саналады, ол туралы өтініш берушіге хабардар етіледі. Тіркелген материалдар қайтарылмайды, кеңсе жұмысы қалпына келтірілмейді;

6. Өнертабысқа халықаралық өтінімнің пайдалы модельге өтініміне ауыстыру Заңның 4-бабы 2-тармағы 2) тармақшасына сәйкес бекітілген Өнеркәсіптік меншік объектілері өтінімдеріне сараптама жүргізу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

3-тарау. Еуразиялық өтінімдерді қарау тәртібі.

7. Сараптама ұйымы Еуразиялық патенттік конвенцияға, Еуразиялық патенттік конвенцияның Патенттік Нұсқаулығына және Заңды басшылыққа ала отырып еуразиялық өтінімді алуға, тексеруге және қайта жолдауға байланысты функцияларды орындайды.

8. Еуразиялық өтінімді ұлттық өтінімге ауыстыру және қарау Еуразиялық патенттік конвенцияға және Еуразиялық патенттік конвенциясына Патенттік Нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.

9. Еуразиялық өтінімді өңдеу, тексеру және жіберу үшін ақы төлеу құжаты өтінім берілген кезде немесе еуразиялық өтінімді алғаны туралы хабарлама өтініш берушіге жіберілген күннен бастап үш ай ішінде ұсынылады. Еуразиялық өтінімді өңдеу, тексеру және жіберу үшін төлем құжаты ұсынылмаған кезде өтінім берілмеген болып есептеледі, бұл туралы өтінім берушіге бес жұмыс күні ішінде хабарланады.

4-тарау. Өнеркәсіптік үлгінің еуразиялық өтінімдерін қарау тәртібі

10. Сараптама ұйымы Еуразиялық патенттік конвенцияға Өнеркәсіптік үлгілерді қорғау туралы хаттаманы, Еуразиялық патенттік конвенцияға патент нұсқаулығын (Өнеркәсіптік үлгілер II бөлім) және заңды басшылыққа ала отырып, өнеркәсіптік үлгіге Еуразиялық өтінімді алуға, тексеруге және Еуразиялық ведомствоға жіберуге байланысты функцияларды орындайды.

11. Еуразиялық өнеркәсіптік үлгі өтінімін ұлттық патенттік өтінімге қайта өзгерту және оны қарау Еуразиялық патенттік конвенцияға Өнеркәсіптік үлгілерді қорғау

туралы хаттамаға, Еуразиялық патенттік конвенцияның Патент нұсқаулығына (Өнеркәсіптік үлгілер II бөлім) сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2018 жылғы 29 тамыздағы
№ 1350 бұйрығымен
бекітілген

Таңбаларды халықаралық тіркеу туралы Мадрид келісімінің хаттамасына сәйкес тауар белгісіне өтінімді қарау қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 20.09.2022 № 793 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1- тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Таңбаларды халықаралық тіркеу туралы Мадрид келісімінің хаттамасына сәйкес тауар таңбасына өтінімді қарау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 3-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленіп, Таңбаларды халықаралық тіркеу туралы Мадрид келісімінің хаттамасына сәйкес тауар белгісіне өтінімді қарау тәртібін анықтайды.

Осы Қағидада мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының Халықаралық бюросы – зияткерлік меншік саласында елдердің ынтымақтастығы мен халықаралық саяхатты қамтамасыз ететін және реттейтін халықаралық ұйым (бұдан әрі – Халықаралық ұйым);

2) Сараптама ұйымы – Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімімен құрылған шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын ретіндегі ұйымдастырылған-құқықтық формадағы өз қызметінде уәкілетті органға ведомстволық бағынышты ұйым;

3) Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің халықаралық сыныптамасы – 1957 жылғы 15 маусымда Ницце келісімімен қабылданған, кейіннен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген тауар таңбасын тіркеудегі қолданылатын сыныптама;

4) Халықаралық тізілім – Халықаралық ұйымның тауар таңбасына халықаралық өтінімдер мен халықаралық тіркеулер тізілімі.

2- тарау. Таңбаны халықаралық тіркеуге өтінімді ресімдеу тәртібі

2. Сараптама ұйымы Таңбаларды халықаралық тіркеу туралы Мадрид келісімі және Таңбаларды халықаралық тіркеу туралы Мадрид келісімінің хаттамасын басшылыққа ала отырып шығу ведомствосының қызметін атқарады.

3. Халықаралық өтінімге:

халықаралық өтінімді тексеру және жіберу туралы қолдаухат;

базалық өтінімнің нөмірін/өтінім берушінің, тарату елдерінің, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің халықаралық сыныптамасының белгісін, атауын және мекенжайын көрсете отырып, халықаралық өтінім өтінімін ресімдеу және жіберу немесе тексеру және жіберу туралы қолдаухат;

патенттік сенім білдірілген өкілдің (егер халықаралық өтінімді патенттік сенім білдірілген өкіл берсе) немесе өкілдің өкілеттіктерін куәландыратын құжат;

таңбаларды халықаралық тіркеу туралы Мадрид келісімінде және таңбаларды халықаралық тіркеу туралы Мадрид келісімінің хаттамасында көзделген халықаралық бюроға халықаралық баждың төленгенін растайтын құжат;

сараптама ұйымының өтінімді ресімдегені және жібергені немесе оны тексергені және халықаралық бюроға жібергені үшін көрсеткен қызметтеріне ақы төленгенін растайтын құжат;

халықаралық тіркеуге өтінімді тексеру және жіберу туралы қолдаухат берген кезде таңбаларды халықаралық тіркеу туралы Мадрид келісімінің хаттамасындағы нұсқаулыққа сәйкес толтырылған ММ2 ресми нысаны;

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес ұсынылатын құжаттар (қажет болған жағдайда).

4. Халықаралық өтінімді ресімдеу және халықаралық бюроға жіберу туралы қолдаухат еркін нысан бойынша беріледі, қолдаухатта сараптама ұйымының халықаралық өтінімді ресімдеу және халықаралық бюроға жіберу жөніндегі қызметтері үшін ақы төленгені туралы құжат қоса беріледі.

5. Халықаралық өтінімді ресімдеу және ары қарай жолдау туралы қолдаухат өтінім берушінің өкілі арқылы сенімхат негізінде беріледі.

6. Сараптама ұйымының қызметтеріне ақы төленгенін растайтын құжат болмаған кезде өтініш берушіге ақы төлеуге арналған шот жіберіледі. Төлем туралы құжатты өтініш беруші төлем шотын жіберген күннен бастап бір айдан кешіктірмей ұсынады.

Осы Қағидалардың 2-тарауының 3-тармағында көрсетілген құжаттардың біреуі ұсынылмаған жағдайда, халықаралық өтінімді орындауға және жіберуге немесе тексеруге жіберуге сұрау салу туралы қолдаухат қабылданбайды және ол туралы өтінім беруші жазбаша түрде хабардар етіледі.

7. Өтінім берушіге (құқық иеленушіге) немесе оның сенімхат бойынша өкіліне халықаралық өтінімнің Халықаралық бюроға жолданғаны туралы жазбаша хабарлама жіберіледі.

3-тарау. Халықаралық өтінімді қарау тәртібі

8. Халықаралық өтінім бойынша толық сараптама Халықаралық бюроның Қазақстан Республикасы аумағында халықаралық таңбаның таралуы туралы хабарлама жолдаған күнінен бастап жүргізіледі.

9. Халықаралық өтінім бойынша сараптама қорытындысы Мадрид келісіміне қатысушы елдердің Ассамблеясы бекітетін Мадрид келісіміне хаттаманы және Мадрид келісіміне хаттаманы қолдану жөніндегі әкімшілік Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес Халықаралық бюро бекіткен нысандарға сәйкес ресімделеді.

10. Сараптама ұйымы қорғау, жартылай қорғау немесе барлық негіздерін көретілген бас тарту туралы шешімін Халықаралық бюроның халықаралық таңбаның таралуы туралы хабарлама жолдаған күнінен бір жыл мерзімнен асырмай Халықаралық бюроға хабарлайды.

11. Халықаралық тіркеу бойынша тауар белгісін қорғау шешім шығарылған күннен бастап туындайды. Ішінара тіркеу туралы немесе тіркеуден бас тарту туралы алдын ала шешім шығарылған жағдайда сараптаманың түпкілікті шешімі шығарылған күннен бастап жүргізіледі.

4-тарау. Халықаралық тіркеуді ұлттық өтінімге өзгерту

12. Өтінім беруші халықаралық тіркеуді ұлттық өтінімге өзгерту туралы қолдаухат беруге құқылы.

Мұндай қолдаухат халықаралық тіркеудің базалық таңбаның қорғау мерзімі аяқталу себебінен толық немесе жартылай күші жойылғанда беріледі.

Егер өтінім Халықаралық бюро тізілімінен халықаралық тіркеу алып тасталған күннен бастап есептегенде үш ай ішінде нақ сол белгіге және нақ сол тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге қатысты берілсе, өтінім халықаралық тіркеу сияқты басымдықпен пайдаланылатын болады.

13. Халықаралық тіркеуді ұлттық өтінімге өзгерту туралы қолдаухат осы Қағидалардың қосымшасындағы нысанға сәйкес беріледі.

Қолдаухат өтінім беруші немесе оның сенімхат арқылы өкілімен беріледі, өтінішке Халықаралық бюро тізілімінен үзінді, тауар таңбасын тіркеу туралы қолдаухат және халықаралық тіркеуді ұлттық өтінімге өзгерту туралы төлемді растайтын құжат қоса беріледі.

Төлеу туралы құжат болмаған жағдайда, өтінім берушіге төлеу туралы есеп шот жолданады.

Төленгені туралы құжатты өтінім беруші есеп шот жолданған күннен бір айдан кеш емес уақытта ұсынуы қажет. Төлеу туралы құжат ұсынылмаған жағдайда халықаралық өтінімді ұлттық өтінімге өзгерту туралы қолдаухат қаралмайды және ол туралы өтінім беруші немесе оның сенімхат арқылы өкілі жазбаша түрде хабардар етіледі.

14. Өтінім берушіге немесе оның сенімхат арылы өкіліне халықаралық тіркеуді ұлттық өтінімге өзгерту туралы тауар таңбасы ретінде тіркеуге ұсынылған таңба, өтінім

нөмірі, өтінім берілген күн, өтінім берушінің атауы, тауарлар мен қызметтер тізімі бар хабарлама жолданады.

15. Өтінім берушіге немесе оның сенімхат арылы өкіліне халықаралық тіркеуді ұлттық өтінімге өзгерту туралы хабарламаның негізінде тауар таңбасын тіркеу және тіркеу туралы жариялау үшін төлем туралы есеп шот жолданады.

Таңбаларды халықаралық
тіркеу туралы
Мадрид келісімінің
хаттамасына сәйкес тауар
таңбасына өтінімді қарау
қағидаларына
қосымша

Халықаралық тіркеуді ұлттық өтінімге өзгерту туралы ҚОЛДАУХАТ

өтінім беруші:

өтінім: №

берілген күні:

Халықаралық тіркеуді басымдығын сақтай отырып келесі тауарлар мен (немесе) қызметтерге қатысты ұлттық өтінімге өзгертуді сұраймыз.

Қосымша:

1. сараптама ұйымының қызметіне төленетін төлемді растайтын құжат.
2. сенімхат (өкіл арқылы жүгінген жағдайда)
3. Халықаралық бюро тізілімінен үзінді

Қолы

Тегі Аты Әкесінің аты (болған жағдайда)

Мөр (болған жағдайда)

Күні